



Балқаш ӨНІРІ

№09 (7590)
24 ақпан 2016 жыл

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

•Сайлау-2016

Осы жылдың 29-шы қаңтарында өткен «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XVII съезінде нұротандықтардың алдында тұрған нақты тапсырмалар таныстырылып, «Нұр Отан» партиясының «Қазақстан-2021 Бірлік, Тұрақтылық, Жасампаздық» атты сайлауалды бағдарламасы және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары сайлауына арналған партиялық тізім бекітілгені белгілі. Осыған орай, 20 ақпаннан бастап барлық деңгейдегі «Нұр Отан» партиясының сайлауалды штабтары ашылып, сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары басталуына байланысты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттығына кандидаттар бекітілген кесте бойынша жергілікті халықпен жүздесіп, «Нұр Отан» партиясының сайлауалды бағдарламасында негізделген ел дамуы жолындағы құндылықтарды нәсихаттап, «Нұр Отан» партиясын қолдау мақсатында ауқымды шаралар өткізуде.

Соның бір дәлелі ретінде осы аптаның алғашқы күні Астана қаласынан арнайы іссапармен Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі депутаттығына «Нұр Отан» партиясы тізімінен ұсынылған кандидаттар Серік Үмбетов пен Омархан Өксікбаев келіп қайтты.

Ауданға атбасын бұрған құрметті қонақ алдымен Береке селолық округіндегі «Тамшыбұлақ» ЖШС-гінің еңбеккерлерімен кездесті. Серік Өбікөңұлымен бірге аудандық мәслихат хатшысы Марат Қамаубаев, «Нұр Отан» партиясы Балқаш аудандық



МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАР ТІРКЕЛДІ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 104-бабы 6-шы тармағына сәйкес облыстық және аудандық округтік сайлау комиссиялары мәслихат депутаттығына төмендегі кандидаттардың тіркелгендігі туралы хабарлама жариялайды.

Облыстық мәслихат депутаттығына тіркелген кандидаттар тізімі:

№ 4 Бақанас сайлау округі бойынша

Нұрланов Дүйсенбек 25.01.1954 жылы туылған. Ұлты-қазақ. «Өтес -БиоАзия» ЖШС-гі директоры. «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы ұсынған.

Ирсаев Шәріп Жәкебайұлы 09.02.1953 жылы туылған. Ұлты-қазақ. «Алматы облыстық аймақтық орман шаруашылығы мен жануарлар әлемі» РМБ-нің басшысы. Өзін-өзі ұсынған.

Толқынбеков Таңатар Нағашбайұлы 10.06.1960 жылы туылған. Ұлты-қазақ. «Бақыт» шаруа қожалығының төрағасы. Өзін-өзі ұсынған.

Аудандық мәслихат депутаттығына тіркелген кандидаттар тізімі:

№ 1 Миялы сайлау округі бойынша

Аймақов Айдар Жанатұлы 11.09.1975 жылы туылған. Ұлты-қазақ. «Бағнұр» шаруа қожалығының төрағасы. «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы ұсынған.

Нұраханова Мира Темірханқызы 04.08.1966 жылы туылған. Ұлты-қазақ. Миялы ауылдық кітапханасының кітапханашысы. Өзін-өзі ұсынған.

Ахметқалиев Алтай Нұртайұлы 29.11.1974 жылы туылған. Ұлты-қазақ. «Алатау Жарық компаниясы» АҚ бөлімше шебері. Өзін-өзі ұсынған.

№2 Бақбақты сайлау округі бойынша

Әліпбаев Айдар Кеңесбекұлы 01.12.1959 жылы туылған. Ұлты-қазақ. Бақанас Обл. басқару кәсіп

«Бақанас орман шаруашылығы» мекемесінің директоры. «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы ұсынған.

Мұқанова Шолпан Ардақызы 15.05.1991 жылы туылған. Ұлты-қазақ. «Береке селолық округі әкімдігі» оператор. Өзін-өзі ұсынған.

Ұзақбаева Ардақ Молдахметқызы 24.02.1969 жылы туылған. Ұлты-қазақ. Уақытша жұмыссыз. Өзін-өзі ұсынған.

№8 Ақкөл сайлау округі бойынша

Омаров Кәдірбек Тынышбалаұлы 20.11.1961 жылы туылған. Ұлты-қазақ. «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасының бірінші орынбасары. «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы ұсынған.

Жанабаев Асхат Фермебекұлы

БОЛАШАҚТЫҢ ТҮТҚАСЫ – БІЛІМДІ ҰРПАҚ

Қандай ғылымның болмасын пайда болу тарихы, маңызы мен мақсаты және қоғамда алатын өз орны бар екендігі белгілі. Солардың ішінде басқа салалардан өзінің ерекшелігімен оқшауланатын бухгалтерлік есеп саласы бұдан бірнеше жүздеген жылдар бұрын пайда болып, күнделікті өмірде қолданылуы барысында қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына қарай өзгерістерге ұшырап келе жатқан ғылым болып табылады. Бухгалтерлік есептің даму тарихын білу арқылы осы саланың экономикалық өмірге аса қажет болғандығын және экономиканың сатылы кезеңдерге сай қайта құрылуына байланысты шаруашылық үрдістегі фактілердің қалыптасу кезеңдерін сипаттай білу мүмкіндігі туындайды.

Ерте заманда бухгалтерлердің өз таңбасы болған. Бухгалтерлердің интернационалдық таңбасында-Күн, Таразы және Бернуллдің қисық сызығы белгіленіп, бұл таңбаға «Ғылым-Ұлттық-Тәуелсіздік» деген сөздер жазылған.

Күн-қаржылық әрекеттің жарық болуын, таразы-баланстық теңдікті, ал Бернулли сызығы-есептің бір кезде пайда болып, өмір бойы жүргізілетіндігін бейнелеген. «Есеп» термині құдайдың құпиясы мағынасында қаралған. Ертедегі Египетте фараондар үйінің «бас бухгалтері» Неферхотеп дейтін философ болыпты. «Ақылы терең, жүрегі шыдамды, шындық іске қуанатын, әділетсіздікке сыртын көрсететін, қолы таза, жамандықты қуатын, шындықты жаза білетін, өтірікке бармайтын» (М.И.Кутер «Теория бухгалтерского учета». 8-ші беті) деген нақыл сөздерді жазып қалдырған осы Неферхотеп болса керек. Жазылған кітаптар мен ғылыми және тарихи мақалаларға сүйенсек, бухгалтерлік есеп тарихы алты мың жылды құрайды екен.

Экономиканың барлық саласындағы кәсіпорындардың иелерімен еңбек ұжымдары шикізат пен материалдарды ұқыпты жұмсауға, өндіріс қалдықтарын азайтуға, ысырапты жоюға, бәсекеге жарамды өнімдерін өндіруге (ұлғайтуға), оның сапасын көтеруге, өзіндік құнын төмендетуге, қоршаған ортаны сақтауға мүдделі. Бұл орайда, шаруаға қырсыздыққа, кәсіпорынның материалдық құндылықтарын, ақша қаражаттарын және басқа да ресурстарын заңсыз және тиімсіз жұмсауға және тонауға қарсы күресте бухгалтерлік есептің маңызы мен мәнін айрықша бағаламауға болмайды.

Бухгалтерлік есеп жүргізудің бастапқы негізін салушы ерте замандағы зерттеуші тұлғалар, біздің пайымдауымызша, өте талантты, асқан білімді, ойшыл адамдар болса керек.

Өрдайым үздік жетістіктер көрсетіп, үздіксіз ізденіспен үлгілі қызмет көрсетіп келе жатқан «Есеп және аудит» кафедрасының ұжымы тәжірибелі, жоғары санатты, білікті оқытушы мамандардан құралған. Кафедраны экономика ғылымдарының докторы, профессор Байдишдина Адиля Манатқызы басқарады. Кафедрада алдыңғы қатарлы педагог-ғалымдар жұмыс істейді: ҚР ҰҒА академигі., э.ғ.д., профессор Сатыбалдин С.С., доценттер: Сұлтанова Б.Б., Оралбаева Ж.З., Баймұханова С.Б., Байдаулетов М.Б., Бейсенбаева А.К., Нұрғалиева Г.К., ҚР аудиторлар палатасының мүшесі аудиторлық компанияның директоры Алтаев Б.Ш., Ph.D доктор Товма Н.А., сертификатталған тәжірибелі бухгалтерлер, аға оқытушылар Абишева Ж.А., Арыстанбаева А.З., Қоғут О.Ю., оқытушылар Алимбекова Г.А., Жиенбекова А.М., Жүнісова Г.Е., Купенова Ж.К., Ноянов М.Е.

«Есеп және аудит» мамандығының ауқымы өте кең. Оған дәлел ретінде, студент түлектердің, яғни жас мамандардың жұмысқа орналасу мүмкіндігі шексіз. Олар әртүрлі қызмет саласында бухгалтер, аудитор, жоспарлау-экономикалық бөлімінің маманы, бақылау-тексеру бөлімінің маманы, бас бухгалтер, қаржы директоры ретінде жұмыс істеумен қатар аудиторлық қызмет көрсету, бухгалтерлердің қызметін ұсыну, консалтингтік қызмет түрлерін көрсету фирмаларын ашу, табысты бизнесі жүргізудің де озық үлгілерін еркін меңгерумен қатар, өзге мамандармен тәжірибе алмасып, өз бағытын таңдауына жол ашық. Сонымен қатар, біздің кафедраның студенттеріне диплом алғаннан кейін нарықта қажеттірек болу мүмкіндігі пайда болды, халықаралық CIPA сертификация бағдарламасы CAP – сертификатталған тәжірибелі бухгалтерге оқып, сертификаттан алу мүмкіндігі бар.

Нарықтық экономика заманында есепсіз ешбір құрылым өз шаруашылығын дамытып жүргізе алмайды. Есептің тілін шаруашылық қызметімізді өтірік пен алдауға апармайтын таза тіл деп түсінуіміз керек. Ертеңгі ел экономикасының болашағын берік қалап, өзіндік үлесінді қосып, өз мамандығының кәсіби майталманы болғысы келетін дарынды, ізденімпаз, еңбек сүйгіш жас өрендерді Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Есеп және аудит» кафедрасы құшағын жая қарсы алады.

Назгүл РАЙ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЭЖБЖМ «Есеп және аудит» кафедрасының 4-курс студенті.

Ғылыми-жетекшілер:
Оралбаева Жанар Закарияқызы, Жүнісова Гүлнар Ерікқызы.

Аяулы анамыз 1936 жылы 28 ақпанда Еңбекшіқазақ ауданына қарасты «Қазатком» колхозында дүниеге есігін ашқан екен. Жастайынан білімге ынталы, есепке құштар болып өскен ол

жалғыз анамыздың мойнына жүктеледі. Қажымас қайсарлығы мен қиындыққа мойынсұнбайтын өжеттігінің арқасында анамыз бізді ешкімнен кем етпей,

болыңыз, Ардақты Ана!

БАЛАЛАРЫ.

•Мектеп өмірінен

ЖОҒАРҒЫ ДЕҒУТЕЙДЕ ӨТКІЗІЛТЕЖ АҚЦИЯ

ІІМ-нің Әкімшілік полиция комитетінің 2016 жылғы арналған жұмыс жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың ақпан айының 16-18 аралығында ауданымызда «Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік» акциясы өткізілді.

Акцияның мақсаты көмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы, сондай-ақ олардың құқықтық сауаттылығын арттыру болып табылды.

Акция барысында көмелетке толмағандар ішкі істер органдарының арнайы мекемелеріне және АІБ-ге сондай-ақ тәрбиелеу колонияларына, арнайы білім беру ұйымдарына және көмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына барып, онда мемлекеттік органдардың әрбір өкілі оларды қызықтыратын сұрақтарға жауап берді.

Ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің ювенальді полиция тобы учаскелік полиция инспекторлары барлық күш құралдарын және жергілікті қауымды, білім бөлімін қатыстыру арқылы «Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік» жедел профилактикалық іс-шараларына акция өткізуге жұмылдырылғандар саны 4-ІІО қызметкерлері 3-ЮПТ УИП 3-білім беру органдарының өкілдері 1, бұқаралық құралдарының өкілдерін құрады. Шара барысында оқушылар мен студенттер арасында тренинг, дөңгелек үстелдер өткізілді. Сонымен қатар оқушыларға Балқаш АІБ-нің ғимаратында экскурсия өткізіліп, кезекші бөлім, уақытша қамау изоляторы, криминалдық полиция тобы, ювенальді полиция тобы, тергеу бөлімінің қызметтік кабинеттерімен таныстырылды.

Ойлан САДЫРБАЕВА, Балқаш АІБ-нің жергілікті полиция қызметінің ювенальді полиция тобының аға учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры.

Жалпы республика көлемінде ақпан айының ортасынан бастап көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, қауіпсіз қозғалыс негіздерін үйрету мақсатында кең ауқымды «Жасөспірім – Заң - Қауіпсіздік» акциясы өткізілген еді.

Осыған орай, аудандық ішкі істер бөлімінің аға ЮПТ инспекторы полиция майоры Ойлан Садырбаева мен ЮМИ полиция лейтенанты Нұржан Нұрланұлы және Н.Бозжанов атындағы орта мектеп ұстаздарының қатысуымен «Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік» атты шара аталмыш акцияның жалғасы ретінде болып өтті.

Мектеп оқушыларының қылмыстық істерге баруының алдын алу,

жасөспірімдерге өз құқықтарын түсіндіру, білім шаңырақтары мен ішкі істер бөлімінің өзара байланысын нығайту мақсаттарын көздеген бұл шараға жоғары сынып оқушылары қатысты.

Акция барысында қонақтар баяндама жасап, оқушыларды еркін өңгімеге тартты. Кездесуде оқушылар ойларын ортаға салып, пікірлерімен бөлісті. Мектеп директоры Г.Аманжолова мектеп оқушылары үшін өткізіліп отырған маңызы мол шараға ризашылығын білдірсе, мектеп психологы А.Ырымжанова келген қонақтармен оқушылар арасында тренинг ойын жүргізді.

Бақыт ТҰЯҚБАЕВА,
мұғалім.
Құйған ауылы.